

Экономиканың Озыңқы Индикаторы

2022 9 ай

Қазақстан экономикасының жай-күйін анықтау үшін озыңқы көрсеткіш есептеледі. Ол ЖІӨ-нің прокси индикаторы – **қысқа мерзімді экономикалық индиктор (ҚЭИ) рөлін атқарады.** ҚЭИ ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын 6 саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі. Олар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс.

ҚЭИ өсу қарқыны төмендеуде: 2022 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша +3.7%-дан, 9 ай ішінде +3.5%-ға дейін бәсеңдеді. Экономиканың 6 секторының 4-де: өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және қоймалауда өсу қарқынының төмендегені байқалады.

Өнеркәсіпте бәсеңдеу өңдеуші және тау-кен өндіру салаларын қамтыды. Соңғысы өткен жылдың деңгейінде қалды. Себеп: мұнайгаз және металлургия салаларындағы проблемалар. Мұнай өндіру Қашаған мен Теңіздегі жөнделу жұмыстарына байланысты қысқарды. Ал металл өндіру жұмысы темір кендерін Ресейге жеткізу қиындықтарына байланысты бәсеңдеді.


Біздің пікірімізше құрылыс жұмыстарының бәсеңдеуіне құрылыс материалдарының қымбаттағаны, тұрғын үй құрылысына жұмсалатын инвестицияның қысқарғаны және ірі мемлекеттік жобалардың аяқталуы себеп болды.

Осы аралықта **нақты сектордың түйткілді мәселелері қызмет көрсету саласына да әсер етеді.** Мұнда сауда, көлік және қоймалау жұмыстары қысқарды. Ішкі сауда өсімінің +5.2%-дан +4.3%-ға дейін әлсіреуі азық-түлік бағаларының қымбаттағанына (қыркүйекте +22.2% ж/ж) және РФ-мен арадағы сауда-саттықтың оң сипаттағы есеңгіртеулерінің көмескілене бастауы себеп болса керек. Азық-түлік тауарларының сатылымы ақшалай көрсетілімде өсіп жатқандығына қарамастан, нақты табиғи көлемі қысқарып жатыр. Көтерме саудада керісінше азық-түлік тауарларының сатылымы өсуде. Бұл дегеніңіз сауда нарығының көтерме сегментке ойысып жатқандығын білдіреді.

ҚЭИ-дің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты пайыздық өзгерісі	2019	2020	2021	2022
Қаңтар	2,9	4,4	-5,8	3,0
Қаңтар-ақпан	3,6	4,9	-4,0	5,5
Қаңтар-наурыз	4,2	4,3	-1,8	6,5
Қаңтар-сәуір	4,1	1,2	1,2	6,0
Қаңтар-мамыр	3,7	-0,5	2,0	5,9
Қаңтар-маусым	4,3	-1,0	2,9	4,5
Қаңтар-шілде	4,4	-2,7	3,7	4,0
Қаңтар-тамыз	4,8	-2,9	3,9	3,7
Қаңтар- қыркүйек	4,7	-2,5	4,1	3,5
Қаңтар- қазан	4,7	-2,8	3,9	
Қаңтар- қараша	4,7	-2,6	4,1	
Қаңтар- желтоқсан	5,0	-2,4	4,5	


Дереккөз: ҚР СЖПА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ және тауар өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ және көрсетілетін қызметтер өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

Өңірлік даму

Экономиканың ең жоғары өсімі Шымкентте (+10.7%), Астанада (+8%), және Ақмола (+11.2%) мен Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалды (+6.4%). Шымкентте даму, өсу бойынша көш бастап келе жатқан сала – құрылыс. Астанада – көлік, байланыс және қоймалау саласы. Ал Солтүстік Қазақстанда озық өсім – ауыл шаруашылығында байқалады.

Экономиканың төмендегені тек Павлодар облысында (-0.8%) байқалды.


Бұл жерде экономикалық құлдырау өнеркәсіптік өндірістің төмендеуі (металл кендерін өндірудің қысқаруы) және байланыс саласының өткен жылдың деңгейінде қалуы салдарынан орын алды.

Егер экономика салаларының дамуын өңірлер бойынша қарайтын болсақ, ауыл шаруашылығы барлығынан бұрын Қостанай облысында өсуде (+19.9%).

Өнеркәсіптік сектордың өсуі Жамбыл облысында байқалуда. Мұнда «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы дамытылып жатыр. Қызылорда облысында құрылыс саласы, ал Жетісу облысында сауда саласы қарқынды өсуде.

Өңірлер бойынша 2022 жылдың 9 айы ішіндегі ҚЭИ өсімі

Қазақстан бойынша **+3.5%** (+4.1%)*



*жақшада 2021 жылдың 9 айындағы деректер көрсетілген

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Алматы **+5.0%** (+9.0%)
Астана **+8.0%** (+9.8%)
Шымкент **+10.7%** (+6.1%)

ҚЭИ және экономиканың басты салалары облыстар тұрғысында

2022 жылдың 9 айы

Абай облысы ҚЭИ: 2.8% Ауыл шаруашылығы: 3.1% Өнеркәсіп: 8.9% Құрылыс: -23.0% Ішкі сауда: -14.3% Көлік және қоймалау: 0.4% Байланыс: 7.5%	Ақмола облысы ҚЭИ: 11.2% Ауыл шаруашылығы: 16.5% Өнеркәсіп: 8.1% Құрылыс: 26.9% Ішкі сауда: 2.8% Көлік және қоймалау: 5.1% Байланыс: 0.2%	Ақтөбе облысы ҚЭИ: 0.3% Ауыл шаруашылығы: 5.8% Өнеркәсіп: 1.8% Құрылыс: 3.6% Ішкі сауда: -13.5% Көлік және қоймалау: 3.1% Байланыс: 4.2%
Алматы облысы ҚЭИ: 4.0% Ауыл шаруашылығы: 0.3% Өнеркәсіп: 6.2% Құрылыс: 14.5% Ішкі сауда: -2.2% Көлік және қоймалау: 0.2% Байланыс: -3.3%	Атырау облысы ҚЭИ: 3.0% Ауыл шаруашылығы: 1.5% Өнеркәсіп: 0.2% Құрылыс: 11.4% Ішкі сауда: 14.0% Көлік және қоймалау: 3.9% Байланыс: 4.5%	Батыс Қазақстан облысы ҚЭИ: 0.7% Ауыл шаруашылығы: 2.6% Өнеркәсіп: 0.8% Құрылыс: 0.2% Ішкі сауда: -1.7% Көлік және қоймалау: -0.3% Байланыс: 0.7%
Жамбыл облысы ҚЭИ: 6.8% Ауыл шаруашылығы: 5.5% Өнеркәсіп: 12.3% Құрылыс: 8.7% Ішкі сауда: 4.6% Көлік және қоймалау: 0.8% Байланыс: 1.6%	Жетісу облысы ҚЭИ: +1.6% Ауыл шаруашылығы: 0.6% Өнеркәсіп: -4.7% Құрылыс: 4.5% Ішкі сауда: 23.2% Көлік және қоймалау: 1.0% Байланыс: 5.6%	Қарағанды облысы ҚЭИ: 0.9% Ауыл шаруашылығы: 0.2% Өнеркәсіп: 1.2% Құрылыс: -10.7% Ішкі сауда: 5.2% Көлік және қоймалау: 0.7% Байланыс: -2.8%
Қостанай облысы ҚЭИ: 2.0% Ауыл шаруашылығы: 19.9% Өнеркәсіп: -3.5% Құрылыс: 8.3% Ішкі сауда: 5.2% Көлік және қоймалау: 0.1% Байланыс: -5.9%	Қызылорда облысы ҚЭИ: 2.3% Ауыл шаруашылығы: 3.1% Өнеркәсіп: -1.5% Құрылыс: 35.1% Ішкі сауда: 2.3% Көлік және қоймалау: 0.0% Байланыс: -0.6%	Маңғыстау облысы ҚЭИ: 0.2% Ауыл шаруашылығы: 14.8% Өнеркәсіп: 1.5% Құрылыс: -34.7% Ішкі сауда: 23.1% Көлік және қоймалау: 8.7% Байланыс: 10.5%
Павлодар облысы ҚЭИ: -0.8% Ауыл шаруашылығы: 6.5% Өнеркәсіп: -2.6% Құрылыс: 6.4% Ішкі сауда: 1.9% Көлік және қоймалау: 0.1% Байланыс: 0.0%	Солтүстік Қазақстан облысы ҚЭИ: 7.4% Ауыл шаруашылығы: 12.2% Өнеркәсіп: 1.3% Құрылыс: 11.0% Ішкі сауда: 0.7% Көлік және қоймалау: 0.1% Байланыс: -4.8%	Түркістан облысы ҚЭИ: 1.1% Ауыл шаруашылығы: 1.1% Өнеркәсіп: -2.6% Құрылыс: 11.7% Ішкі сауда: 10.9% Көлік және қоймалау: 10.1% Байланыс: 8.9%
Ұлытау облысы ҚЭИ: 4.6% Ауыл шаруашылығы: -0.2% Өнеркәсіп: 5.3% Құрылыс: 10.4% Ішкі сауда: -17.9% Көлік және қоймалау: 1.9% Байланыс: -1.4%	Шығыс Қазақстан облысы ҚЭИ: 5.2% Ауыл шаруашылығы: 4.9% Өнеркәсіп: 5.0% Құрылыс: 4.8% Ішкі сауда: 9.9% Көлік және қоймалау: -0.4% Байланыс: -4.4%	Астана ҚЭИ: 8.0% Ауыл шаруашылығы: 0.3% Өнеркәсіп: 1.7% Құрылыс: 3.9% Ішкі сауда: 8.5% Көлік және қоймалау: 20.1% Байланыс: 15.4%
Алматы ҚЭИ: 5.0% Ауыл шаруашылығы: -0.6% Өнеркәсіп: 9.0% Құрылыс: 5.5% Ішкі сауда: 2.7% Көлік және қоймалау: 7.7% Байланыс: 6.8%	Шымкент ҚЭИ: 10.7% Ауыл шаруашылығы: -8.9% Өнеркәсіп: 6.7% Құрылыс: 33.8% Ішкі сауда: 12.9% Көлік және қоймалау: 7.9% Байланыс: 4.6%	

Тәуекелдер мен келешектер

Экономиканың даму қарқынының бәсеңдеуі **циклдық секторлардың**, атап айтар болсақ нақты секторлардың: құрылыс және тау-кен өндіру өнеркәсібінің **айтарлықтай құлдырауына байланысты орын алды**. Бұл ретте біздің пікіріміз бойынша қызмет көрсету саласындағы тұралау РФ-мен арадағы саудадағы оң есеңгіретулерді жоюға, кері экспортқа, сондай-ақ жоғары инфляциялық ахуалға (қыркүйектегі инфляция – 17.7%) байланысты болды. Көтеріңкі инфляциялық ахуал ұзақ мерзім қолданылатын тауарларды тұтынудың азаюы арқылы (бірінші кезекте автокөліктер мен тұрғын үй) циклдық секторлардың бәсеңдеуіне қосымша ықпал етеді. Біздің есептеуіміз бойынша саудадағы құлдырауды өткен жылғы жағдаймен түсіндіруге болады. Еске сала кетелік, онда кейінге қалдырылған посткарантиндік сұраныс факторы байқалған еді. Сондықтан қазіргі уақытта біздің болжамымыз бойынша **негізгі проблемалар өнеркәсіптік секторда**, атап айтар болсақ, **тау-кен өндіру саласында** жинақталған. Энергетика министрі Болат Ақшолақов Қашаған мен КҚК жұмысы тек 15 қазанға қарай қалпына келетіндігін айтқан болатын. Металл бойынша жағдай айқын емес. **Демек, өнеркәсіптік өнімдер өндірісіндегі құлдырау алдағы айда да жалғасуы әбден мүмкін**. Фискалдық импульсті және мұнай өндіруді арттырып, экономикаға шикізаттық табыстар түспейінше **өңдеуші секторда да жұмыс қарқыны бәсеңдеп, суына беретіндігін күтуге болады**. Бұл қазірдің өзінде байқалуда. Өзіндік құн қымбаттап жатыр.


Құрылыс сегменті де назар аударуға тұрарлық. Ондағы суыну біздің пікірімізше аталмыш саланың өткен жылмен салыстырғанда **өзінің әлеуетті деңгейіне келуімен байланысты**. Өйткені былтыр (2020-2021жж) бұл сала шектен тыс қызып кеткен болатын.

Ал ауыл шаруашылығы саласының өсу қарқыны маусымдық астық жинау науқанының жүріп жатқанына тығыз байланысты. Сондықтан біз жыл соңына қарай жалпы шығарылымның салқындап, бәсеңдейтіндігін күтеміз. Бұл басқа барлық шарттар тең болған жағдайда кейіннен ЖІӨ-нің өсуіне төмендету сипатында әсер етеді.

Осылайша біздің экономика ғаламдық экономикалық шарттар, мысалы шикізаттардың бағалары алдында өте осал. Ал құрылыс жобаларын мемлекет тарапынан ынталандыру және жүзеге асыруды инфляциялық ахуал тежеп жатыр. Инфляцияның әрі қарай өсуі тұтынудың ығысуына және өңдеуші сегмент пен құрылыс саласының құлдырауына әкеп соғады.

Нәтижесінде біз жыл соңына қарай экономиканың 2.4%-2.8% деңгейінде өсетіндігін күтеміз.

ҚЭИ және ЖІӨ өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Источник: БНС АСПИР РК, расчеты Jusan Analytics

Автор: Клара Сейдахметова (K.Seidakhmetova@jusan.kz)

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz



JUSAN ANALYTICS

